

## «Кен даланын кемеңгері»

Авторлар: спецбіб  
19.11.2015 16:17 -

---

## «Кен даланын кемеңгері»

**(Әдебиетші, ғалым Ш.Уәлихановтың туганына 180 жыл)**

**Үйымдастырушылар:** Қызмет көрсету бөлімі

**Іс-шараға қатысушылар, саны:** 24 оқырман

**Өткізілген орны:** Оқу залы

**Өткізілген уақыты:** 18 қараша, сағ 11-00.

**Іс-шараның мақсаты:** Оқырмандарды ғалымның ғылыми еңбектері мен шығармаларымен таныстыру, насихаттау, қызықтыру және кітапханаға тарту

Оқырмандарымыз рухани сусындап қалмау мақсатында, ақын, жазушы, ғалымдарымыздың өмірбаянынан, еңбектерінен хабардар етіп отырамыз. Осы жылдың қараша айында қазақтың біртуар азаматы, тамаша ғалымы Шокан Уәлиханов 180 жасқа толып отыр. Осы орайда кітапханамызда үлкен іс-шара өткізілді. Әдеттегідей кітапханада оқырмандар көп жиналды. Ғалымның бүкіл өмірбаянын, ғылыми еңбектерін толық қамту мақсатында оқырмандарымыздың назарына «Шокан Уәлиханов» атты көлемді деректі фильм ұсындық.

Казак халкы үшін Шокан - ен алгашкы агартушы галым.

Шокан Шынгысұлы Уәлиханов оз елінін болашагын дұрыс болжап, сеніммен алга караган түнғыш демократ галым болды. Сонымен катар ол - казак халкынын шыгыстанушы, тарихшы, этнограф, географ, фольклорист, аудармашысы.

Шокан Уәлиханов - Абылай ханнын ұрпагы. Ол – ұлы істерді жүзеге асыру міндетін аркалап туган айрықша тұлға. Шокан озінін осы міндетін асқан кемелдікпен аткарып шықты. Табиғат оған ерекше дарын, озгеде жок қабілет берген. Отызға да толып үлгермеген қысқа ғұмырында жазып қалдырган ғылыми еңбектері оған жоғары бағаланды және олар әлемдік шыгыстану ғылымы үшін бүгінгі таңда да теңдессіз дүниелер болып табылады.

Шоканнын шығармаларын жинап бастыруда орыс галымдарынын еңбегі аса зор болған. Академик Н.И. Веселовский: «Шокан Уәлиханов шыгыстану әлемінде қырықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келгенде, орыстын шыгысты зерттеуші галымдары оны ерекше құбылыс деп түгел мойындап, одан түркі халкынын тағдыры туралы маңызы зор, ұлы жаңалықтар күткен еді. Бірақ Шоканнын мезгілсіз олімі біздің бұл үмітімізді үзіп кетті»- деп жазған болатын. Шоканнын өмірі, ұлылығы-болашақ ұрпақ үшін үлгі, оған. Галым-агартушы, ержүрек саяхатшы, суретші, фольклорист, этнограф, қосемсозші, айрықша дарын иесі Шокан туган елінін есінде мәңгі сақталады...

Галымның кітаптары қойылған қорме оқу залында ұйымдастырылды. Қормеге жазық баспалы, дыбысталған кітаптар қойылды. Оқырмандар назарына ұсынылған деректі фильм галымды барынша жан-жақты ашып, қызықтыра түсті.